

Қостанай облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесін бекіту туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 3 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 17 қаңтарда № 10360-10 болып тіркелді

"Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушысының 2024 жылғы 6 қарашадағы № 525-НҚ "Өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35356 болып тіркелген) сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі бекітілсін.

2. Қостанай облысы әкімдігінің "Қостанай облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы" 2022 жылғы 8 ақпандағы № 51 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26760 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қостанай облысы әкімдігінің қоғамдық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов

Қостанай
облысы әкімдігінің
2025 жылғы 14 қаңтардағы
№ 3 қаулысымен

Қостанай облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі

1. Осы Қостанай облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі (бұдан әрі –Әдістеме) "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қостанай облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Қостанай облысы аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құны (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) осы Әдістеменің қосымшасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарының көрсетілетін қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына қарай айқындалады.

Көрсетілетін қызметтің әрбір жеке түрі үшін базалық бағаны жергілікті атқарушы орган дербес айқындайды.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін $P_n = V_n \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_n (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттерде көрсетілетін қызметтің құны;

V_n – газетте орналастырылатын, бір см² көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

V – газетте орналастырылатын, см²-мен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

K_q – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін $P_m = V_m \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_m (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдарда көрсетілетін қызметтің құны;

V_m – журналда орналастырылатын, бір см² көрсетілетін қызмет үшін базалық баға;

V – журналда орналастырылатын, см²-мен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі;

K_q – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны $P_i = V_i \times V \times K_q$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_i (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

V_i – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундының, минутының, данасының базалық бағасы;

V – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің символдармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

K_q – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден астам – 1,4.

5. Телевидениеде көрсетілетін қызметтің құны $P_{tv} = B_{tv} \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_{tv} (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, телевидениеде көрсетілетін қызметтің құны;

B_{tv} – телевидениеде орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундінің, минутының, сериясының базалық бағасы;

V – телевидениеде орналастырылатын, секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көрсетілетін қызметтің көлемі

Егер Қостанай облысы аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде телевидениеде көрсетілетін қызметтерді жанрлар бойынша бөлу ескерілмеген жағдайда, телевидениеде көрсетілетін қызметтердің құны базалық баға (B_{tv}) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнада көрсетілетін қызметтің құны $P_r = B_r \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

Pr (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнада көрсетілетін қызметтің құны;

Bг – радиоарнада көрсетілетін қызметтердің бір секундының, минутының базалық бағасы;

V – радиоарнада орналастырылатын, көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

Қостанай
облысының аумағында
мемлекеттік ақпараттық
саясатты жүргізу жөніндегі
мемлекеттік тапсырысты
жүзеге асыру үшін сатып
алынатын көрсетілетін
қызметтердің құнын
айқындау әдістемесіне
қосымша

Қостанай облысының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасы

№	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	2025 жыл (теңге)	2026 жыл (теңге)	2027 және кейінгі жылдар (теңге)
1	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	см2	1320	1380	1449
2	Қостанай облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды	см2	260		286

	дайындау және орналастыру) (Bn)			272	
3	Интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bi)	символ	170	178	187
4	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевидениеде көрсетілетін қызмет (сюжеттерді шығару және орналастыру) (Btv)	минут	350000	365750	384038
5	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Қостанай облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидениеде көрсетілетін қызмет (сюжеттерді	минут	38984		42776

	шығару және орналастыру) (Btv)			40739	
6	Міндетті теле -, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Қостанай облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле -, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидениеде көрсетілетін қызмет (телебағдарламаларды шығару және орналастыру) (Btv)	минут	25054	26182	27492
7	Міндетті теле -, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Қостанай облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле -, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидениеде көрсетілетін қызмет (балалар	минут	25234		27689

	телебағдарламаларын шығару және орналастыру) (Btv)			26370	
8	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Қостанай облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидениеде көрсетілетін қызмет (білім беру телебағдарламаларын шығару және орналастыру) (Btv)	минут	28164	29432	30904
9	Міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Қостанай облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін	минут	19709		21626

	телевидениеде көрсетілетін қызмет (бейнероликтерді орналастыру) (Btv)			20596	
10	Рудный қаласының аумағында міндетті теле -, радиоарналардың тізбесіне және телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді телеарналардың тізбесіне кірмейтін телевидениеде көрсетілетін қызмет (сюжеттерді дайындау және орналастыру) (Btv)	минут	12150	12697	13332
11	Рудный қаласының аумағында міндетті теле -, радиоарналардың тізбесіне және телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді телеарналардың тізбесіне кірмейтін телевидениеде көрсетілетін қызмет (телебағдарламаларын өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	9100	9510	9986

12	<p>Рудный қаласының аумағында міндетті теле -, радиоарналардың тізбесіне және телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді телеарналардың тізбесіне кірмейтін телевидениеде көрсетілетін қызмет (бейнероликтерді орналастыру) (Btv)</p>	минут	8064	8427	8849
13	<p>Міндетті теле -, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Арқалық қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле -, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидениеде көрсетілетін қызмет (сюжеттерді дайындау және орналастыру) (Btv)</p>	минут	4000	4180	4389
	<p>Міндетті теле -, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды</p>				

14	<p>коспағанда, Арқалық қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле - , радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидениеде көрсетілетін қызмет (телебағдарламаларын шығару және орналастыру). (Btv)</p>	минут	4000	4180	4389
15	<p>Міндетті теле -, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды коспағанда, Арқалық қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле - , радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидениеде көрсетілетін қызмет (бейнероликтерді орналастыру) (Btv)</p>	минут	4000	4180	4389
	<p>Міндетті теле -, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды</p>				

16	<p>қоспағанда, Лисаков қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле - , радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидениеде қызмет көрсету (сюжеттерді дайындау және орналастыру) (Btv)</p>	минут	4000	4180	4389
17	<p>Міндетті теле -, радиоарналардың тізбесіне кіретін арналарды қоспағанда, Лисаков қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле - , радиоарналардың тізбесіне кіретін телевидениеде қызмет көрсету (телебағдарламаларын шығару және орналастыру) (Btv)</p>	минут	4000	4180	4389
	<p>Жігіқара ауданының аумағында міндетті теле -, радиоарналардың тізбесіне және</p>				

18	телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді телеарналардың тізбесіне кірмейтін телевидениеде көрсетілетін қызмет (сюжеттерді дайындау және орналастыру) (Btv)	минут	2100	2195	2305
19	Қостанай облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (радиобағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Bг)	минут	5200	5434	5706
20	Қостанай облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (сюжеттерді дайындау және орналастыру) (Bг)	минут	10200	10659	11192
21	Қостанай облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (аудиороликтарды дайындау және орналастыру) (Bг)	минут	10200	10659	11192

22	Қостанай қаласының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Вг)	минут	567	593	623
23	Рудный қаласының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (сюжеттерді дайындау және орналастыру) (Вг)	минут	750	784	824
24	Рудный қаласының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (радиобағдарламаларды дайындау және орналастыру) (Вг)	минут	1168	1221	1282
25	Рудный қаласының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (аудиороликтарды дайындау және орналастыру) (Вг)	минут	1168	1221	1282
	Лисаков қаласының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін				

26	қызмет ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bг)	(минут	1704	1781	1870
27	Жігіқара ауданының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bг)	(минут	1500	1568	1647

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК